

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 410/54-IV " Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 118/14-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 774 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «Ережесі», «ережесіне», деген сөздер «Қағидасы», «қағидасына» деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 225/31-V (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

«Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 410/54-IV «Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылғы 24 қаңтарда № 666 болып тіркелген, 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 11 «Вечерняя Астана», 2011 жылғы 27-29 қаңтардағы № 10, 11 «Астана ақшамы» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету қағидасына қосымшада:

- 49-тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«3) азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекенжай анықтамасы;»;
- 57-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«2) азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекенжай анықтамасы;»;
- 82-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:
«2) азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекенжай анықтамасы;».

2. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Астана қаласы</i>	<i>мәслихаты</i>
<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>Э. Суханбердиева</i>	
	<i>Астана</i>	<i>қаласы</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>С. Есілов</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК